



## БАЯНДЫ БАСТАМАЛАР ЖЫЛЫ

4-5-БЕТТЕР | САЯСАТ



## «СЫЛДЫРАП ШАШБАУЫҢ...»

7-БЕТ | ҚОҒАМ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Инфляцияның қысымы, халықаралық логистикалық тізбектердің трансформациясы, аймақтардағы қақтығыстар, санкциялық теке-тірестер – бұл әлемдік экономиканың даму қарқынын бәсеңдететін факторлардың бір парасы ғана. Осындай күрделі жағдайда Қазақстан жылдық экономикалық өсімді 4,9 пайыз көрсеткішпен қорытындылауды жоспарлап отыр. «Еуразиялық бестікке» кіретін барлық елде оң динамика байқалатыны қуантады. Әйтсе де экономикамыздың орнықты даму траекториясын сақтау үшін 2024 жылдың сын-қатерлеріне бірлесе дайындалуымыз керек.

№154  
(4587)

Бейсенбі  
28 желтоқсан  
2023 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## МЕРЕКЕЛІК БАҒДАРЛАМА

Жаңа жыл түнінде, яғни 31 желтоқсанның 1 қаңтарға дейін қаланың үш жерінде мерекелік іс-шаралар өтеді.

Атап айтқанда, 31 желтоқсан күні сағат 21:00-ден 02:00-ге дейін қалалық алаңда, «Қазақ елі» монументі мен ЭКСПО алаңында қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен «Жаңа жыл түні» атты жаңа жылдық мерекелік концерттер өтеді.

Сағат 23:45-те ЭКСПО алаңынан «Jibek joly» телеарнасы тікелей эфирге шығады. Тікелей эфирде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа жылдық құттықтауы көрсетіледі және мерекелік бағдарлама болады.

Сонымен қатар 31 желтоқсанда Астанада жүгіруден жаппай жарыс өтеді. Қатысушылар 2024 метр қашықтықты еңсеруді жоспарлап отыр. Басталуы сағат 21:00-де. Жарысқа қатысуға старт пакеттері 31 желтоқсан сағат 20:30-дан бастап беріледі.

## «ASTANA AQSHAMY»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР



15

Елорда мәслихатының ағымдағы жылдың соңғы сессиясында Астана қаласын 2050 жылға дейін дамыту стратегиясының жобасы таныстырылды. Стратегиялық жоба Мемлекет басшысының елорданы одан әрі дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте айқындалған міндеттері мен тапсырмалары негізінде, сонымен қатар қоғамдық кеңес пен қала тұрғындарының ұсыныс-тілегіне орай жасалған. Бас қаланың келешекке көзделген бағдары тұрғындар мен қонақтар үшін жайлы әрі қолайлы орта құру болып отыр.

## ҰЛТТЫҚ БАНК ЕСКЕРТЕДІ

Қазақстанның Ұлттық Банкі әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді пайдалана отырып жасалатын алаяқтық фактілерінің жиілеп кеткені туралы қазақстандықтарға ескерту жасады.

«Алаяқтар өздерін инвестициялық компания ретінде таныстырып, мессенджерлерде арнайы құрылған профильдерге сілтеме жасай отырып, әлеуметтік желілерде жарнаманы белсенді қолданады. Онда азаматтарды ақша салуға шақырып, инвестициядан қомақты пайда табуға уәде береді. Алаяқтар жалған лицензиялар мен басқа да құжаттарды, оның ішінде Қазақстан Ұлттық Банкі атынан берілгенді көрсететін жалған құжаттарды жариялайды. Олар азаматтарды биржалық алым үшін біржолғы төлем жасауға үгіттейді. Алайда қаражат түскеннен кейін алаяқтар байланысқа шығуды тоқтатады» делінген Ұлттық Банктің хабарламасында.

## ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК СПОРТШЫЛАРЫ

2023 жылы Қазақстан ұлттық құрамасы сапында өнер көрсеткен елордалық спортшылар әлем чемпионаттарында ел намысын абыроймен қорғады.

Жақында Астана қаласының үздік спортшылары да анықталды. Елорданың «Жыл спортшысы» атағына биыл Ташкентте бокстан өткен әлем біріншілігінде 80 келі салмақта чемпион атанған Нұрбек Оралбай мен әйелдер күресінен әлем чем-

пионатының қола медалисі мен Азия ойындарының күміс жүлдегері болған Жәмила Бақбергенова ие болды.

Бүгінгі таңда қос спортшы да 2024 жылы Парижде өтетін жазғы Олимпиада ойындарына қатысуға дайындық үстінде.



№154 (4587) 28/12/2023 Бейсенбі

## ЕУРАЗИЯНЫ БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БУЫН

«Инфляцияның қысымы, халықаралық логистикалық тізбектердің трансформациясы, аймақтардағы қақтығыстар, санкциялық текетірістер – бұл әлемдік экономиканың даму қарқынын бәсеңдететін факторлардың бір парасы ғана. Осындай күрделі жағдайда Қазақстан жылдық экономикалық өсімді 4,9 пайыз көрсеткішпен қорытындылауды жоспарлап отыр. «Еуразиялық бестікке» кіретін барлық елде оң динамика байқалатыны қуантады. Әйтсе де экономикамыздың орнықты даму траекториясын сақтау үшін 2024 жылдың сын-қатерлеріне бірлесе дайындалуымыз керек. Сарапшылар болжамына сәйкес келесі жылы жаһандық экономика бірқалыпты, тіпті баяу қарқынмен, яғни 1,5 пайыздан 3 пайызға дейін өседі. Нарығының көлемі 2,6 триллион долларға тең Еуразиялық экономикалық одақ әлемдік экономиканың ажырамас бөлігі ретінде өсімнің бәсеңдеуін сезінуі мүмкін. Сондықтан біз қазіргі экономикалық резервті және өзара тиімді интеграцияның қолда бар әлеуетін барынша жұмылдыруымыз қажет. Қазақстан әуел бастан Одақтың экономикалық сипатын айқындайтын қағидатты берік ұстанды. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер өз істері мен шешімдерінде дәл осы күн тәртібінен ауытқымауға тиіс деп санаймыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, ЕАЭО-ға мүше елдер үшін технологиялық кооперацияны экономиканың нақты секторында дамыту – басты міндеттердің бірі. Қасым-Жомарт Тоқаев озық технологияларды және инновацияларды кеңінен енгізу экономикалық бірлестіктің әлемдік аренадағы орнын нығайтады деп есептейді. Мемлекет басшысы бұл мәселенің кеңесте қабылданған «Еуразиялық экономикалық жол» декларациясында көрініс тапқанын құптады. Құжат Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жаһандық бастамасымен ұштасады.

### ТЫҢ СЕРПІН ҚАЖЕТ

Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуына негіз болған іргелі мақсатты толыққанды жүзеге асыру, яғни тауарлардың еркін қозғалысына тың серпін беру қажет деп санайды. Кеден шекаралары ашылғанына қарамастан, әрбір ел іс жүзінде отандық өндірушілерін ЕАЭО-ға қатысушы өзге бәсекелестерден қорғауын жалғастырып отыр. «Біз ортақ нарықта кездесетін кедергілер мен шектеулерді жойып, бірыңғай техникалық регламенттер енгізуді жылдамдатуымыз керек. ЕАЭО-ның біріккен ақпараттық жүйесінің толық форматта жұмыс істеуі мүше мемлекеттер арасында тауар тасымалдау кезіндегі бизнес шығындарын айтарлықтай азайтуға септігін тигізеді. Электронды сауда саласында нәтижелі ықпалдастық орнатуға мол мүмкіндік бар. Былтыр Еуразиялық экономикалық одақтың аталған нарықтың жалпы көлемі 80 миллиард долларға жетті. Жақын арада бұл көрсеткіш екі есе ұлғаяуы мүмкін. Алайда мұнымен тоқтап қалмаймыз. Кедендік рәсімдерді жетілдіру және онлайн сауданы тиімді, тең құқылы экожүйесін құру бағытында барынша белсенді жұмыс істеуіміз қажет» деді Президент.



# ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ ӘЛЕУЕТІН ЖҰМЫЛДЫРАТЫН КЕЗЕҢ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Санкт-Петербург қаласында өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің (ЖЕЭК) кезекті отырысына қатысты. Президент өз сөзінде қонақжайлық көрсетіп, жиынды жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Ресей тарапына және Владимир Путинге алғыс айтты. Президент осы жылдың оңай болмағанын, әсіресе, жаһанды жайлаған тұрақсыздықтың күшейе түскенін атап өтті.



Сонымен қатар агроөнеркәсіп кешені ынтымақтастықтың маңызды бағыты ретінде атап өтілді. Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде «еуразиялық бестік» елдері өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету ісінде жоғары нәтижеге қол жеткізе алды.

«Соған қарамастан, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің әлемдік нарықтағы ауыл шаруашылығы өнімдері экспорттың үлесі әлі де өте төмен, яғни екі пайыздан сәл ғана асады. Ал дүние жүзінде 800 миллионнан астам адам аштық пен азық-түлік тапшылығының зардабын тартып отыр. Өкінішке қарай, азық-түлік жеткізуге қазіргі геосаяси ахуал, әсіресе, бірінші кезекте санкциялар кедергі келтіруде. Нәтижесінде азық-түлікке мұқтаж халық жапа шегіп отыр. Сарапшылардың бағалауынша, ЕАЭО елдерінің әлеуеті 600 миллионға жуық адамға тамақ тауып беруге жетеді. Сондықтан бәсекеге қабілетті, экологиялық таза және экспортқа бағдарланған, озық

халықаралық стандарттарға сәйкес шығару мақсатында тығыз кооперациялық байланыстарды жолға қою басым бағыттарымыздың біріне айналуы керек. Сондай-ақ агрологистика және өнім сақтау жүйесін дамытып, ауыл шаруашылығы саласына үлкен күш біріктіруіміз қажет. Бірлескен агроинновациялық орталықтар құру мәселесін пысықтаған жөн. Мұндай орталықтар агроөнеркәсіп кешенін коммерциализациялауға және өндіріске жаңа технологияларды енгізумен айналысады» деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, ЕАЭО күллі Еуразия кеңістігін байланыстыратын стратегиялық буын қызметін атқарады. Ұйымның осы мәртебесін сақтап қалуға мүше мемлекеттердің барлық мүмкіндігі бар.

«Бұл жерде, ең алдымен, Таяу Шығыс, Иран, Пәкістан және Үндістан елдеріне шығатын «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін дамыту туралы сөз болып отыр. Осы орайда Қа-

зақстан және Қырғызстанмен арадағы шекарада және Каспий теңізінде 5 трансшекаралық көлік-логистикалық хабын іске қосуды жоспарлап отырмыз. Таяу жылдары 1300 шақырымдық жаңа теміржол желісінің, «Бақты» және «Қалжат» құрғақ порттарын, сондай-ақ Иранның Бендер-Аббас қаласында теңіз портын салу жоспарланған. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерді өзара тиімді жобаларды бірлесе іске асыруға, соның ішінде ірі стратегиялық порттардың серіктес желілерін, логистикалық орталықтар мен пошта хабтарын салуға шақырамыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы «ЕАЭО-ның цифрлық күн тәртібі» мен қытайдың «Цифрлық жібек жолы» бастамасын ұштастыру мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Президенттің пікірінше, цифрлық және интеллектуалдық ықпалдастықтың жетілдірілген моделін құру Еуразия кеңістігіндегі елдер экономикасының дамуына елеулі үлес қосады. Мемлекет басшысы осы күрделі кезеңде үшінші елдермен және интеграциялық бірлестіктермен сауда-экономикалық байланыстарды дамыта отырып, сыртқы саясатта ЕАЭО-ның әлеуетін кезек-кезеңімен нығайту маңызды екеніне тоқталды.

Саммитке Қазақстан Президентімен қатар, Ресей Президенті – ЖЕЭК төрағасы Владимир Путин, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров қатысты, сондай-ақ ЕАЭО жанындағы бақылаушы мемлекет басшысы – Куба Президенті Мигель Марио Диас-Канель Жиын қорытындысы бойынша бірқатар құжат қабылданды. Ұйымға мүше мемлекеттердің басшылары Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы қызметіне Қазақстанның өкілі Бақытжан Сағынтаевты сайлады.

### МӘДЕНИ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясына жұмыс сапары барысында Ресей Президенті Владимир Путин, Әзербайжан

Президенті Ильхам Әлиев, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен бірге Санкт-Петербург қаласындағы мәдени нысандарды аралап көрді.

ТМД мемлекеттері басшыларының бірлескен экскурсиясы «Павловск» мемлекеттік музей-қорығынан басталды. Мұнда олар Павлов сарайының залдары мен экспозицияларын тамашалады. Қонақтардың құрметіне сарайдағы «Грек залы» амфитеатрында «Северная симфония» концерті ұйымдастырылды. Музей-қорық – XVIII ғасырдың соңындағы орыс сәулет өнерінің бірегей үлгісі. Павлов сарайы архитектуралық ансамбльдің ең басты көрнекті бөлігі саналады. Бұл мәдени мұра ЮНЕСКО-ның қорғауына алынған.

Содан кейін мемлекеттер басшылары «Царское село» музей-қорығын және Екатерина сарайының залдарын аралап көрді. «Царское село» сарай-саябақ ансамблі – XVIII ғасыр мен XX ғасырдың басындағы әлемдік сәулет және бағбандық өнерді айшықтайтын ескерткіш. Орыс императорларының бұрынғы жазғы резиденциясы – Ресейдегі халық көп баратын музейлердің бірі. Мұражайға 2022 жылы 2,9 миллион адам келген. Кешеннің негізгі нысаны саналатын Екатерина сарайында әлемге әйгілі Янтарь бөлмесі орналасқан.

Президенттердің үшінші экскурсиясы «Петергоф» мемлекеттік музей-қорығының Үлкен Петергоф сарайының жалғасты. Делегация басшылары сәндік-қолданбалы өнер бұйымдары, мүсін және кескіндеме өнерінің туындылары мен жиһаздар қойылған бірегей сәулет ескерткішін тамашалады. Петергоф музей-қорығы 33 музейден, 414 гектар аумақты алып жатқан саябақтар мен бақтардан және 150-ден астам субұрпақтан тұрады. Сорғы станцияларының жоқтығы субұрпақ жүйесінің тарихи және мәдени ескерткіш ретіндегі бірегейлігі саналады. Инженерлік шешімнің арқасында су 300 жыл бұрынғыдай биіктік пен әртүрлі деңгейдегі субұрпақтар арасынан табиғи түрде құлай ағып жатыр. Сондықтан Петергоф субұрпақтары сәуірдің аяғынан қазан айының ортасына дейін күн сайын таңертеңнен кешке дейін жұмыс істейді.

### БЕЙРЕСМИ КЕЗДЕСУЕ ҚАТЫСТЫ

ТМД-ға мүше мемлекеттер басшыларының бейресми кездесуіне Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар, Ресей Президенті Владимир Путин, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

Жиын барысында ТМД елдерінің көшбасшылары ұйым қызметінің басым бағыттарын, өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту және одан әрі дамыту жоспарын талқылады. Сондай-ақ ТМД аясындағы ықпалдастықтың өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.







№154 (4587) 28/12/2023 Бейсенбі

## КӨЛІК КІЛТІН ТАБЫСТАДЫ

Биыл Астана қаласының бюджетін нақтылау шеңберінде қалалық мәслихат депутаттары жедел-қызмет автокөліктерін сатып алу үшін Төтенше жағдайлар департаментін қаржыландыруды бірауыздан қолдады. Жаңа жыл қарсаңында қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов әріптестерімен бірге елордалық құтқарушыларға 21 жаңа Hyundai Tucson көлігінің кілтін табыстады.



Мәслихат төрағасының айтуынша, бұл Астана әкімі бекіткен Төтенше жағдайлар департаментін дамытудың кешенді жоспары арқасында мүмкін болды. Аталмыш жоспарды мәслихат пен Астана әкімдігі әзірледі. Қазір аталмыш депар-



тамент автотехникасының жалпы саны – елордалық өртке қарсы қызмет гарнизонында 194. Соның ішінде 112-сі өрт сөндірушілерге тиесілі болса, 65-сі – авариялық-құтқару техникасы.

## КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Астана қаласы Нұра ауданының әкімі Жүсіп Жұмағұлов коммуналдық ұйымдардың қызметкерлеріне алғыс хат табыс етті.



Қаланың коммуналдық қызметінде тұрақты жұмыс істеп келе жатқан бір топ жол жұмысшылары мен учаске шеберлеріне айрықша үлгідегі мерекелік алғыс хат берілді.

«Боран, суық, жаңбыр, су көтерілуі, аптап ыстық – сіздер үшін кедергі емес, жай ғана маңызды миссияны орындау жолындағы тағы бір сынақ. Астананың кез келген мінезін көтеріп, өз ісіңізді берік жасаудасыздар. Уақытылы қар шығарып, өтініштерді орындап, қаланы таза ұстаудасыздар. Сіздердің арқаларыңызда бас

қаламыз осындай көрікті әрі әдемі. Жұмыстарыңызды жауапты әрі шапшаң орындайтыныңыз үшін алғыс білдіремін!» деді аудан әкімі өзінің құттықтау сөзінде.

Аудан аумағын күнделікті санитарлық тазалауға 400-ден астам адам жұмылдырылған. Олар қарды, қоқысты шығарумен айналысады, саябақтар мен алаңдарды ретке келтіреді, гүлдер мен ағаштар отырғызады, жасыл желектерге күтім жасайды. Коммуналдық қызметкерлер жұмысын жыл бойы жүргізеді.

## МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының кезекті отырысында мәслихат депутаттары мен Астана қаласындағы аудан әкімдіктері басшыларының қатысуымен жекелеген бюджеттік бағдарламалар бойынша қала аудандары әкімдері аппараттарына бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігінің мемлекеттік аудитінің қорытындысы шығарылды.

Аудан әкімдері аппараттарының елорда тұрғындары үшін қолайлы орта құру жөніндегі қызметіне жүргізілген талдау елді мекендерді абаттандыру,

жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту, сондай-ақ жерлеу орындарын күтіп ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу бойынша

ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатқанын көрсетті.

Тексеру комиссиясы қысқартылған тәртіппен 5 әкімшілік материалды қарады, белгілен-

ген мерзімде толық көлемде төлем жүргізді. Әкімшілік іс жүргізуді қозғау жөнінде іс жүргізу шешімін қабылдау үшін уәкілетті органдарға 12 материал жіберілді.

Мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша тексеру комиссиясы тиісті тапсырмалар мен ұсынымдар берді.

Құралай МҰРАТОВА

## ЗАҢСЫЗ МАНДАЙША ЖАЗУЫ ЖОЙЫЛДЫ

Жыл басынан бері Сарыарқа ауданы бойынша 1800-ден астам заңсыз жарнама билборды, маңдайша алынып тасталды. Бұл жұмыс қаланың сыртқы келбетін дизайн-кодқа сәйкестендіру мақсатында жүргізілуде.

Елорданың дизайн-кодына сәйкес, жарнама маңдайшаларын жасау үшін негізгі қасбеттен айтарлықтай айырмашылығы бар төсенішті пайдаланудан аулақ болу қажет.

Негізгі жазу фриз биіктігінің 70 пайызынан аспайтын мөлшерде болуы тиіс. Бұдан басқа, барлық маңдайша қасбеттің бойында бір сызықта орналасып, ғима-

раттың стилімен үйлесімді болуы керек. Маңдайшалардың ғимараттың сәулет элементін бөгемеуіне ерекше назар аударған жөн.

## АЯЛДАМАНЫ БҮЛДІРІП, ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

Мас күйінде аялдаманың терезесін бүлдірген астаналық тұрғын уақытша ұстау абақтысына қамалды.

Полицияға белгісіз біреудің мас күйде аялдама павильонының әйнегін бүлдіріп алғаны туралы хабарлама келіп түскен. Осы фактіге қатысты қаланың

21 жастағы тұрғыны анықталды. «Құқық бұзушыға қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 440-бабының 1-бөлігімен 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салу түріндегі

әкімшілік жаза қолдану, сондай-ақ 147-1-бабының 1-бөлігі бойынша іс қозғалды. Ер адамға айыппұл салынады немесе 15 тәулікке әкімшілік қамауға

алынуы мүмкін» деп хабарлады Астана қалалық ПД баспасөз қызметі.

Жинақталған материал әкімшілік құқық бұзушылық істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына шешім қабылдау үшін жолданды.

Астана қаласы әкімдігінің бастамасымен елордада «Joltar» әлеуметтік жобасы іске асырылып жатыр. «Баршаға мүмкіндік» 10 модульдік пунктінде қала тұрғындары 52 мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кеңес ала алады. Сонымен қатар жұмысқа орналасуға және 12 мамандық бойынша қысқа мерзімді оқуға жазылуға мүмкіндік бар.

## «JOLTAR» ЖОБАСЫ: 5 МЫҢНАН АСТАМ ТҰРҒЫН КӨМЕК АЛДЫ

Бұл жоба қала тұрғындарына жұмыспен қамту шараларымен қамту арқылы кірістерді арттыру мүмкіндігімен жәрдемдесуге бағытталған. Жұмыссыздарға, NEET жастарына, ішкі мигранттарға, халықтың әлеуметтік осал топтарының санаттарына көмек көрсетуге ерекше көңіл бөлінеді. Жоба белсенді тәсілдерді бірінші орынға қойып, 3 жыл ішінде іске асады.

Жоба басталғалы 4 айда 5400 азамат көмек алды. Атап айтқанда, 850 адам әкімдік басқармаларына микробизнес ашу үшін гранттар мен микрокредиттер алуға өтінім берді. «Jumys tar» Telegram-боты және жоба серіктестеріне тікелей жолдама арқылы 750-ден астам қала тұрғыны жұмысқа орналасты.

Жоба аясында 2 қысқа мерзімді оқыту бағдарламасы іске қосылды. Бірінші бағдарлама наубайшы, бариста, сатушы-кассир, қоғамдық тамақтандырудың өмбебап қызметкері, тігінші сияқты жұмыс мамандықтары бойынша практика дағдыларын қамтамасыз етуге арналған. Екінші бағдарлама – «Freelance mumkindik». Бұл цифрлы дағдыларды оқыту: таргет, SMM, бейнеомонтаж, маркетинг, мобилография, графика дизайны және веб-дизайн. Аталған бағдарламалар бойынша жыл соңына дейін 700 адам білім алып, оларға

сертификат беріледі. 3 жыл ішінде 30 мыңнан астам азамат жұмысқа орналасу дағдысын игереді.

Жобаның бірлескен операторы – «Жаңа сезім» қоғамдық қоры. Жоба бизнес өкілдері мен жұртшылық арасында кең қолдау тапты. Атап айтқанда, жобаны «Integra Construction KZ» ЖШС, «BI Group», «Халық» қайырымдылық қоры, «Astana» «ӘКК» АҚ, «Sensata», «NAK», «Tumar Group», ПИК «Astana Ютария LTD», «SF қазақстандық дәмді тағамдар желісі», «Magnum және т. б. қолдады.

– «Joltar» жобасы өз ісін ашудан бастап жұмысқа орналасу үшін практика дағдысын алуға дейін жұмыспен қамтудың барлық шарасын қамтиды. Елорданың жұмыссыз тұрғындары өзекті цифрлы және жұмыс дағдысын қысқа мерзімді оқыту, жоба серіктестеріне жұмысқа орналасу, қолданыстағы мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде көмек алу арқылы кірістерді арттыруға мүмкіндік алады. Тұтастай алғанда, «Joltar» жобасы мемлекет, бизнес және қоғамның тығыз ынтымақтастығы кезінде құрылған халыққа мүмкіндіктер беру жөніндегі тиімді экожүйені білдіреді. Жобаны іске асыруға қолдау көрсеткені үшін серіктестерімізге рақмет! – деді Астана қаласы әкімінің кеңесшісі, «Joltar» жобасының жетекшісі Дана Жүнісова.

**Тегін консультациялар «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде мына мекенжайлар бойынша жүргізіледі:**

- \* «Mechta» СУ, Сығанақ көшесі, 3;
- \* «Big Шанхай», Алаш тасжолы, 32А;
- \* «Встреча» СУ, Абылай хан даңғылы, 31;
- \* «Ailand» СОО, Қорғалжын тасжолы, 2;
- \* «Тұлпар» СО, Ш.Уәлиханов көшесі, 24;
- \* «Euromall» СУ, Ш.Қосшығұлұлы көшесі, 24;
- \* «Саянұр» базары, Н.Тілендиев даңғылы, 24/5;
- \* «Magnum» супермаркеті, Еділ көшесі, 26;
- \* Жастар сарайы, Республика даңғылы, 34;
- \* «Азия парк» СОО, Қабанбай батыр даңғылы, 21.

Модульдік пункттер күн сайын және демалыссыз жұмыс істейді.





№154 (4587) 28/12/2023 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ 1 ҚАҒТАР

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жарылқа Жаңа жыл!»
9:00 Дисней ұсынады: «Мұзды өлке».



05:00 СБОРНИК. "ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТОПТАМА"
07:00 МУЛЬТФИЛЬМ. "СУПЕРСЕМЕЙКА"

ASTANA TV

Понедельник, 01.01.2024г.
06:00 «Жап-жаңа жыл!»
09:20 «Сольный концерт Турсынбека Кабатов»



8:00 Сергей Астахов, Екатерина Волкова, Даниил Бельх в комедии «НОВОГОДНЯЯ ЗАСАДА»



08.05 «ЭН МЕН ЭНШІ», жаңа жылдық ән шашу
09.30 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!», жаңа жылдық музыкалық халықтық-шоу



06:00 «Жаңа жыл жарылқасын!»
08:00 Мультсериал «Маша и медведь»
10:00 «Алдараспан» б



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:20 Т/п «Тек қана қыздар»
07:20 Т/п «АйнаопLINE»



08.00 Әзіл-күлік бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
09.00 «ПРИКЛЮЧЕНИЯ ПИЛБИ» (анимационный фильм)

СЕЙСЕНБІ 2 ҚАҒТАР

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 «Әндер мен жылдар»



05:00 "ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТОПТАМА"
07:00 МУЛЬТФИЛЬМ. "СУПЕРСЕМЕЙКА 2"
09:00 МУЛЬТФИЛЬМ. "ПЧЕЛКА МАЙЯ"

ASTANA TV

06.00 «Жап-жаңа жыл!»
07.00 «Шымыкент шоу»
12.00 «Форрест Гамп» Худ.фильм



6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
7:30 «P@UTINA» бағдарламасы
8:20 Смотрим на наникула. «СНЕЖНАЯ КОРОЛЕВА. РАЗМОРОЗКА»



07.05 "ТАҒДЫР ТӘЛКЕП", жаңа жылдық комедия (худ.фильм)
08.50 "ЭН МЕН ЭНШІ", жаңа жылдық ән шашу (қайталау)



06:00 Әзіл студия
07:00 «Күліп ALL»
07:30 Мультсериал «Маша и медведь»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/п «Тек қана қыздар»
07:20 Т/п «АйнаопLINE»

НТК

07.00 «INSTA LIKE» (каз.)
07.30 Телехикая «Бақытсыздар бағы»
08.30 «Екі езу» (каз.)
09.00 «ФИКСИКИ ПРОТИВ КРАБОТОВ»

СӘРСЕНБІ 3 ҚАҒТАР

QAZAQSTAN

6:00 ӘНУРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
6:25 «АЛТЫН ҚАҚПА», ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ШОУ



05:00 СБОРНИК. "ӘСЕМ ӘНДЕР"
05:30 МУЛЬТФИЛЬМ. "ПЧЕЛКА МАЙЯ"
07:00 КИНО. "ПИРАТЫ КАРИБСКОГО МОРЯ: СУНДУК МЕРТВЕЦА"

ASTANA TV

06.00 «ЕНЕ» ҮНДІ ТЕЛЕХИКАЯСЫ
06.20 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
08.30 «МАША И МЕДВЕДЬ»



6:00 «ТАМАША CITY» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:15 «P@UTINA» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:05 «МОРОЗКО»

КТК

07.05 "МАХАББАТ ӘЛЕМІ", жаңа жылдық ӘН ШАШУ (ҚАЙТАЛУ)
09.00 «ЮМОРИНА», ШОУ-ПРОГРАММА
10.20 «РОЗЫГРЫШ ПО-КАЗАХСКИ», КОМЕДИЯ (ПОВТОР)



06:00 ӘНУРАН
07:20 «КҮЛІП ALL»
08:10 «ЧУКУР» ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЯСЫ

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «INSTA LIKE» (каз.)
08.35 Телехикая «Шынғашық» (каз.)

БЕЙСЕНБІ 4 ҚАҒТАР

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 АҚПАРАТ
7:00 «ТАNSHOLPAN».

ASTANA TV

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.20 «Қара шаңырақ» телехикаясы
07.20 «Маша и медведь» Мультфильм

ШАҒАР ШЕЖІРЕСІ

АЛАНДАҒЫ АЯЛДАМА

Целиноград қаласы. 1960 жылдың наурыз айы. Орталық алаң. Ол кездегі шаһардағы жаңадан пайдалануға берілгені жатқан «Есіл» қонақүйінің алдына жүзге тарта адам жиналып қалыпты.



Сурет авторы П. ШИШЕНКОВ

Сонда бұл не жиын? Көнекөз қария, осы қаланың байырғы тұрғыны Дмитрий Мельковтың айтуынша, бұл ешқандай митинг те, жиын да емес, орталық алаңда қоғамдық көлік күтiп тұрған ауысымдық жұмыстан шыққан жақын маңдағы тері өңдеу зауыты мен тiгiн фабрикасының жұмысшылары көрiнедi.

«Ол кезде қазiргiдей арнайы жабдықталып, белгi қойылған автобус аялдамалары болмайтын. Жұмысшылар ауысымнан шыға салып, орталық алаңға келiп топталып көлiк күтетiн. Қала шағын ол кезде бағдарда екi-үш қана «пазик» жүретiн. Оған он бес-жиырма адамнан артық сыймайды. Мiне, сосын келесiсiн күтуге тура келедi» деп еске алады қаланың байырғы тұрғыны.

Сурет ҚР Кинофотокүжаттар мен дыбыс жазбалар архивiнен алынды.











№154 (4587) 28/12/2023 Бейсенбі

## ҚАЖЫМҰҚАННЫҢ ҚАНЖАРЫ ТАПСЫРЫЛДЫ

Ұлттық музей қорына даңқты балуан Қажымұқан Мұңайтпасұлының «Джамбия» қанжары тапсырылды. Бұл тарихи оқиғаға Мәдениет және ақпарат министрінің орынбасары Арман Жүдебаев, Парламент Мәжілісінің депутаты Ардақ Назаров, Қажымұқанның шөбересі Айкен Мұқанова, этнограф-қарутанушы, суретші, тарих ғылымдарының кандидаты Қалиолла Ахметжан, қажымұқантанушы, спорт тарихшысы, журналист Қыдырбек Рысбек, «Қазақстан барысы» турнирінің жеңімпаздары Ержан Шынкеев, Мұхит Тұрсынов, Мақсат Исағабалов қатысты.



Астананың тұрғын алаптарында 30-31 желтоқсан күндері жаңа жылдық мерекелік бағдарлама ұйымдастырылады. Көңілді іс-шаралар қалалық Мәдениет басқармасының және аудандардың әкімдіктерінің 12 ведомстволық бағынысты ұйымдарының қатысуымен өтеді.

## ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ КОНЦЕРТТЕР ШАҚЫРАДЫ

Астаналық саябақта 30 желтоқсан күні сағат 18.00-19.00-де концерт өтсе, 31 желтоқсанда сағат 12.00-13.00-де мерекелік бағдарлама төмендегі тұрғын алаптарда ұйымдастырылады:

Есіл ауданы – «Пригородный» тұрғын алабы;  
Алматы ауданы – «Интернациональный» тұрғын алабы;  
Сарыарқа ауданы – «Көктал» саябағы;  
Байқоңыр ауданы – «Өн-

діріс» тұрғын алабы.

Жаңа жылдық іс-шараларға елорданың шығармашылық ұжымдары мен қазақстандық танымал эстрада өншілері қатысады. Атап айтқанда, Қапау, Әли Оқапов, Ауге, Маржан Арапбаева, Ильхан Ихсан, Кенжебек Жанәбілов, Диана Исмаил, Аука, Еркеш Хасен, Серік Ибрагимов, Әлішер Сарыарқа ауданы – «Көктал» саябағы;  
Байқоңыр ауданы – «Өн-



1909-1911 жылдары Қажымұқан Мұңайтпасұлы ең мықты түрік балуандарымен жекпе-жекте сәтті өнер көрсетіп, түріктің ең атақты балуаны Нуруллахты жеңді. Оған тәңгі болған Стамбұл қаласының хакімі Шағыр паша Қажымұқанды өзімен бірге Меккеге қажылыққа баруға шақырады. Оған келісімін берген балуан елге «қажы» деген атақпен оралады. Сол сапардан естелік ретінде Шағыр паша балуанға осы қанжарды сыйлады.

Қанжардың жүзінде араб әріптерімен көне түрік-осман тілінде «құшті, жеңілмейтін Мұңайтпасұлы Мұқанға» және «Бізден, қажылықтан естелік, Шағыр паша, 1330 жыл» (Хижра жыл есептеуі бойынша 1330 жыл қазіргі жыл санауына сәйкес 1912 жыл).

Шара барысында Ұлттық музей қорындағы Қажымұқанға тиесілі жәдігерлерден көрме ұйымдастырылды. Бүгінгі күні музей қоры қанжармен толығып, балуанға қатысты жәдігерлер саны 27-ге жетті.

Umai-2023 ұлттық сыйлығын Астана қаласы әкімдігіне қарасты қос театр иеленді. Атап айтқанда, «Үздік музыкалық-драмалық спектакль» аталымында Музыкалық жас көрермен театрының «Гауһартас» музыкалық драмасы үздік деп танылды. Ал «Үздік спектакль» номинациясын М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрының «Жаздың соңы» трагикомедиясы алды.

## УМАІ СЫЙЛЫҒЫН АЛДЫ



Биылғы ақпан айында премьерасы аншлаппен өткен «Гауһартас» авторы – көрнекті жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері Дулат Исабеков. Спектакльдің қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров. Қойылым жұртшылықтың үлкен қызығушылығын тудырды. Жыл бойы көрермен толастамады.

Сол себептен театр ұжымы «Гауһартас» күніне бірнеше рет қоюға шешім қабылдады. Сонда да билет таба алмағандар болды. Спектакль премьерасы өткен күннен бастап, 8 айдың ішінде көрермен назарына 155 мәрте ұсынылды. Қойылымды 65 мыңға жуық адам тамашалады.

Ал «Жаздың соңы» трагикомедиясы америкалық драматург Трейси Леттстің «Тамыз:

Осейдж графтігі» шығармасы желісімен қойылды. Қоюшы режиссері – Анна Троянова. Премьерасы таяуда ғана өткен туындыда кейіпкерді сомдаған Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Наталья Косенко (Трегубенконың) өнері де еленді. Ол «Актрлік шеберлік (үздік әйел адам рөлі)» аталымына қатысып, финалға дейін жетті. Оған арнайы диплом тапсырылды.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

## «ДАРЫНМЕН» ДАРАЛАНДЫ

Астана қаласы әкімдігіне қарасты Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының «Классикалық вокал» бөлімінің әртісі Әйгерім Аманжолова «Классикалық музыка» аталымы бойынша «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының биылғы лауреаты атанды.


«Дарынмен» дараланған дарынды әнші Қазақ ұлттық өнер университетінде Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор Гүлнар Хамзинадан дәріс алды. Өнерін шыңдау мақсатында Милан университетінің профессоры, режиссері және «Giacosa di Ivrea» театрының көркемдік жетекшісі Паоло Босионның, Барокко дәуірінің ән салу мектебінің оқытушысы маэстро Ф.Опаның, Одесса опера театрының солисі Э.Погосовтың шеберлік сабақтарына қатысты. «Астана Опера» халықаралық опера академиясында опералық ән салу маэстрасы, Милан консерваториясының профессоры А.Гусевтің сыныбында өнерін шыңдады.

Әйгерім Аманжолова – көптеген республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты. Атап айтқанда, 2017 жылы «Шабды» шығармашылық жастардың XX халықаралық байқауында, Ахмет Жұбанов және Ғазиза Жұбанова атындағы I республикалық вокалистер байқауында лауреат атанды. Бибігүл Төлегенованың

VII халықаралық вокалистер байқауында және «Романсиада» XIX халықаралық вокалистер байқауында екінші орынды алды. М ұ қ а н Төлебаев атындағы VI халықаралық байқауының және КСРО халық әртісі, Халық Қаһарманы Нұрғиса Тілендиев атындағы V халықаралық вокалистер байқауының бас жүлдесін иеленді. «Le concours du Roi Louis» XIV халықаралық байқауында және «Орфей» II халықаралық вокалистер байқауында бірінші орынды алды. Жеңістің 70 жылдығына арналған республикалық патриоттық әндер байқауы мен «Salve Regina» I республикалық вокалистер байқауында топ жарды. Бұған қоса, Қазақстанның X және XI Ұлттық Дельфий ойындарына екі рет қатарынан қатысып,

екеуінде де екінші орын (Күміс медаль) иеленді.

Әйгерім Қазақстанның көптеген қалаларында және Ресей, Словакия, Венгрия, Австрия, басқа да елдердің сахналарында ән шығарды. Өмірлік қосағы Алтынбек Әбілда да – Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының әншісі. Екеуін өнер табыстырды. Алтынбек те – «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты. Ол бұл сыйлықты екі жыл бұрын алды. Сонымен бір шаңырақта «Дарынның» қос лауреаты болды. Құттықтаймыз!



**НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?**

**«ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ БЛОКБАСТЕР» ҚОЙЫЛЫМЫ**

📅 28-29 желтоқсан 🕒 11:00, 16:00

Ә.Мәмбетов театры

**«ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА» ЕРТЕГІСІ**

📅 28-31 желтоқсан 🕒 10:00, 14:00

Қуыршақ театры

**«ЩЕЛКУНЧИК» БАЛЕТІ**

📅 28-29 желтоқсан 🕒 12:00

«Астана Балет» театры

**«КҮЛШЕ ҚЫЗ» БАЛЕТІ**

📅 30-31 желтоқсан 🕒 12:00, 17:00

«Астана Опера» театры